



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Сатып алушылар мен тапсырыс берушілер және басқадай дебиторлармен есеп айырысудың есебі бойынша жоғарыда аталып өткен тіркелімдерден басқа дебиторлық борыштардың есебіне талдамалық (аналитикалық) есептің карточкалары, ажырату парақшалары (қағаздарын), бухгалтерлік анықтамалары және тағы да басқа тіркелімдер (құжаттар) қолданылады. Жалпы есеп тіркелімдерін толтыру шаруашылық операцияларының мазмұнын сипаттайтын бухгалтерлік жазулардың жиынтығын анықтау үшін керек. Халықаралық бухгалтерлік есеп стандартында (соның ішінде Америка Құрама Штаттарының бухгалтерлік есеп стандартында) ұйымның бухгалтерлік есеп жұмысын жүргізу барысында қолданатын барлық бланкілері үшін міндетті ортақ есеп беру формалары қарастырылмаған. Есеп нысанын таңдау құқығы толығымен бас бухгалтердің құзырында, яғни ол алғашқы құжаттарды топтастырудың ең қарапайым әдісін таңдап, шоттар корреспонденциясын жүргізуге міндетті. Шоттарға келетін болсақ, олар негізгі есеп тіркелімдерінде үнемі қатысатын, эпизодтық болып бөлінеді және олар басқадай операцияларда қолданылады. Дебиторлық борыштар шоттарында есептелетін сомалардың дұрыстығы мен олардың толықтығын бақылау үшін түгендеу жүргізілуі қажет, ол құжаттар бойынша шоттарды корреспонденцияланатын шоттармен салыстыру арқылы жүргізіледі. Мұндағы басты мақсат — әрбір шоттағы сомалардың сәйкестігі мен дұрыстығын, толықтығын анықтау болып табылады.

Дебиторлық борышты есептеудегі басты мәселе сату мерзімін анықтау болып табылады, яғни сатып алушыларға тиеліп жіберілген немесе жөнелтілген тауарлардың (жұмыстар, қызметтер) қашан сатылғанын тануында. Бухгалтерлік есептің көзқарасымен қарағанда, тауарлардың тиелуі мен сатып алушыға қаржылық және есеп айырысу құжаттарының ұсынылуы, тауарлардың сатылғандығы деп танылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бухгалтерлік есепке заңнамалы- нормативтік құжаттардың әдістемелік жинағы.
2. «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» ҚР Заңы 2008ж. 26 ақпан
3. №9 «Қаржы құралдары», №39 « Қаржы құралдары: тану және бағалау», №32 «Қаржы құралдары: ақпараттарды ашу» ХҚЕС-тары
4. Қаржылық есеп: Оқу құралы. / Кеулімжаев Қ.К., Әжібаева З.Н., Құдайбергенов Н.А., Жантаева А.Ә. – Алматы: Экономика

УДК 336:947.18

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СЫРТҚЫ САУДАДАҒЫ КЕДЕН ОДАҒЫНЫҢ РӨЛІ ЖӘНЕ ОҒАН ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАҒДАРЫСТЫҢ ЫҚПАЛЫ

Ықылас Айбану Ықыласқызы, Ауезова Бақыт Амиржанқызы

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

Қазақстан Республикасы

E-mail: Aibanu9595@mail.ru

Ғылыми жетекші- Қайранбеков Б.О.

Еліміздің экономикалық дамуының басты тетіктерінің бірі – кеден қызметін жолға қою екендігін айтпас бұрын, кедендік одақтың бізге не беретінін, оның кепілі қандай екендігін білудің маңызы зор. Бір сөзбен айтқанда, кедендік одақ – екі немесе бірнеше мемлекеттердің өз араларындағы кедендік шекараларын жою және бірыңғай кедендік тариф құру жөніндегі келісімі. Кедендік одақтың тарихына қысқаша тоқтала кетейік. Кедендік одақ 19 ғасырда орныға бастаған. Франция мен Монако арасындағы (1865 ж.), Швейцария мен Лихтенштейн князьдігі арасындағы (1924 ж.) одақ олардың алғашқылары болып табылады. Біздің заманымызда Еуропалық экономикалық одақ (1957 ж.) — Еуропалық одақ (1993 ж.) және Еуропалық еркін сауда ассоциациясы (1962 ж.) құрылған. Кеңес Одағы дәуірінде социалистік

мемлекеттер арасында Экономикалық Өзара Көмек Кеңесі (СЭВ) аясында кедендік мәселелер бойынша бірнеше келісімдер жасалған. Кейбір ақпараттық агенттіктердің мәліметі бойынша, әлемде 30-дан астам түрлі сипаттағы интеграциялық бірлестіктер бар екен.

Кедендік одақ (ағыл. customs union; нем. Zollunionf) - екі немесе бірнеше мемлекеттердің өз араларындағы кедендік шекараларды жою және бірыңғай кедендік тариф құру жөніндегі келісімі.

Қазақстан, Ресей және Белоруссия мемлекеттерінің арасында құрылған Кеден Одағы үш мемлекет экономикасының серпін алып, дамуына негіз болды. Экономикалық дағдарыстың белең алу жағдайына қарамастан сауда-саттық, кәсіпкерлік аясындағы ынтамақтастық өз нәтижесін беруде. 2013 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан экономикасы 24,3 млрд. АҚШ долларын құраған. Бұл 2010 жылғы жағдаймен салыстырғанда 29 пайызға көбірек. Кеден Одағының бір нәтижелі тұсын осы сандардан-ақ байқауға болады. [1]

Ресей экономикасы Қазақстан мен Белоруссия экономикасынан бірнеше есе үлкендігін есептесек, онда Ресейдегі жағдай Қазақстан экономикасына да әсер ететіні белгілі. Жыл басынан тарифтердің өсуі КО арасындағы сауда байланыстарын қысқартты және кәсіпорындарды шығынға ұшыратты. Осы себептен де Қазақстан КО елдері арасындағы ішкі сауда-саттық көлемін азайтты. Статистика агенттігінің мәліметінше, Қазақстанның ішкі сауда айналымы 2012 жылдың 10 айында 113,5 млрд. долларды құраған. КО ішіндегі айналым тек 20 млрд. немесе 17,6%. Өткен жылмен салыстырғанда ішкі сауда айналымы КО барысында 1 пайызға төмен түскен. Төмен көрсеткіштің болуы көрші елдердегі қазақстандық тауарлардың азаюы себеп болған. Мәселен, өткен жылы Қазақстанның Белоруссияға шығарған экспорты 13%-ға, Ресейге экспорты 9,2%-ға дейін қысқарған. Экспорт көлемі минералды тауарлар (35,7%) мен химия өнеркәсібі (16,2%) есебінен азайған. Ал керісінше Қазақстанға қатысты екі ел экспорты екі есеге дейін жоғарылаған. Сондықтан бұл жағдайда тек біздің ел ғана ұтылып жатыр. КО қарсы шығып, биліктің көзін ашқысы келген сарапшылардың болжамдары тура келді. Алайда, біздің билік «Артқа шегінерге жол жоқ!» деп отыр.

Сарапшылар КО-дан тек Беларусь қана ұтып жатқанын айтады. Мысалы, Қазақстан ішкі сауда айналымы КО бойынша – 17,6%, Ресей – 12,8%-ды құраса, ал Белоруссия өзінің ішкі сауда айналымының жартысынан жуығы – 48%-ды КО арқылы қамтамасыз етуде.

Ресей басылымдарына сүйенетін болсақ, Қазақстанның КО елдері арасындағы ішкі сауда сальдосы өткен жылдың I маусымында 4,7 млрд долларға, келесі 6 айда 3,4 млрд долларға төмендеген. Ал жалпы көлемі ішкі сауда 40,3%-ға дейін азайған көрінеді. Аталмыш сандар мен дәйектер күн санап шындыққа айналып барады. Себебі КО құрылмай тұрып, үш ел ішінде тарифтер төмендеп, отандық кәсіпорындардың өнімдері көбейетінін, ел бюджеті КО есебінен екі есеге дейін өсетіні бүкіл мемлекеттік БАҚ-тар бойынша жазылған еді. Дегенмен, тарифтер жыл басталғаннан бері бірнеше есеге өсті, біздің дүкендерде Ресей мен Беларусь тауарларына толды. Ал қазынамызды КО қарық қылды дегенді естімедік.

Сондықтан, Қазақстан халқы үшін КО тиімді ме? Егер КО ішкі сауданың ¼-інде қамтамасыз ете алмай отырса, онда мұндай «экономикалық тиімділіктің» қандай қажеттілігі бар? Мемлекет басшылығы қандай да бір одақтарға кірместен бұрын, отандық өнімдер мен кәсіпкерлерді қорғау мен қолдау жасауы керек емес пе? [2]

Кеден Одағы аясында үш мемлекеттің арасындағы тауар айналым көрсеткіші 2013 жылы 24,3 пайызға жетсе, экспорт 5,9 пайыз, ал импорт 43,7 пайызды құрады. Қазақстанға өңделген аралық тұтыну тауарлары 7,5 млрд. АҚШ доллары көлемінде әкелінуде. Сонымен қатар, импорт тауарлардың өсімі 76,7 пайызды құрағаны байқалып отыр. Бұл да, сөзсіз, импорт пен экспорт көрсеткіштерінің динамикалық түрде ұлғайып келе жатқанын аңғартады. Өңделген импорттық тауарлардың құрылымына зер салатын болсақ, тұтыну импорт тауарлары - 36 пайыз (мұнай өнімдері, жеңіл көлік, шоколад, ұннан жасалатын өнімдер, кондитерлік өнімдер, жуу құралдары, жиһах және оның бөлшектері), аралық тұтыну тауарлары 51 пайыз (құбырлар және темірден жасалатын өзге де заттар, дөңгелектер, және

т.б.), өнімдер құралдар импорты – 14% (жүк көлігі, трактор, арнайы көлік, теміржол вагондары, ауылшаруашылық саласына арналған машиналар мен механизмдер).

Кеден Одағы аясында отандық экспорт көрсеткішінің артқаны да сөзсіз. Салыстырмалы түрде алатын болсақ, 2013 жылы экспорттың жалпы көлемі 5,9 млрд.АҚШ долларын құрады. Бұл 2010 жылғы жағдаймен салыстырғанда 3,3 пайызға төмен болып отыр, өйткені экспортқа жіберілетін шикізат өнімдері 12,9 пайызға, ал аралық тауар өнімдері 13 пайызға азайды. Бұл көрсеткіштер алдағы уақытта да осындай қарқынмен дамып, өсе беретін болады. Өйткені мемлекеттер арасындағы тауарайналым мөлшері ұлғайған сайын, прогрессивті даму да мол болмақ. Бұл үш ел арасындағы тиімді экономикалық жобаның нақты көрсеткіштерінің бірі.

Әлемдік қаржылық дағдарыс қаупі әлі де сақталуда. Бұл мемлекеттер экономикасына өзінің теріс әсерін бермей қоймасы анық. Дағдарыстың алдын алу, қажетті шаралар қолдану – Кеден Одағы аясында да кеңінен қарастырылған. Ал оның тиімді жолы отандық кәсіпкерлікті дамыту және серпін беру. Кәсіпкерлік – ұлттық экономиканың қуатты күші. Бұл салаға тиісті көңіл бөлу – мемлекет үшін пайдасы мол. Кеден Одағы құрылғанға дейін кәсіпкерлердің сыртқы нарыққа шығу мүмкіндігі бүгінгідей емес еді. Тауарларға салынатын БАЖ салығы, шекарадан өткен кездегі өзге де шектеулер, толтырылуы тиіс сансыз құжаттар – әр елдегі кәсіпкерлер айтарлықтай қиыншылықтар келтіретін. Ал бүгінгі таңда Кеден Одағының келісімшарты бойынша, үш елдің кәсіпкерлері өздерінің нарығында ғана емес, Кеден Одағы мүше мемлекеттерінің нарығын да еркін әрі тиімді игеруде деп айтуымызға негіз мол.

Кеден Одағының тиімділігі – ұлттық экономикамызға инвестициялардың көп келуімен де байланысты. Мәселен, Германия мемлекетінің «Функе» компаниясы Астана қаласындағы әйнек шығару өндірісін 24 млн.евро бөліп инвестицияласа, компания өнімінің 60 пайыз Ресей Федерациясына экспортталады.[1]

Қазақстандық кәсіпкер Арман Байқадам Кеден Одағы аясында отандық өндіріс саласына, сонымен қатар шағын және орта бизнестің жұмысына өз тиімділігін бергенін айтады. «Кеден Одағы еліміз үшін мүмкіндігі мол нарық болары анық. Жалпы кез келген экономикалық ұйымның мақсаты біреу ғана – ортақ нарық жасау. Негізгі үш принциптері бар. Бірінші, ортақ нарықта капиталдың кедергісіз айналымын қамтамасыз ету. Екінші, тауарлардың, өнімдердің ортақ нарық шеңберінде шекарадан кедергісіз өту. Үшінші, еңбек күшінің, яғни адамдардың ортақ нарық аясында азаматтығына қарамастан, еркін жұмысқа орналасу жеңілдігі» дейді А.Байқадам. Міне, мұндай маңызды мәселелердің шешілуіне Қазақстан, Ресей және Белоруссия арасында құрылған Кеден Одағы өз септігін тигізуде.[2]

Бұдан басқа Кеден одағы әрекеті шеңберінде арнайы қорғау, демпингті және компенсациялық қарсы шараларды есептегенде, кедендік баждар мен экономикалық сипаттағы шектеулер қолданылмайды. Кеден одағы шеңберінде үшінші елмен тауар саудасын реттеудің бірыңғай кеден тарифі және басқа да бірыңғай шаралар қолданылады.

Біздің елімізде кезінде кеден одағы туралы мәселені Елбасымыз талаптарға сүйене отырып, өте орынды көтерді. Соның нәтижесінде оның ізгі ниеті жеріне жеткізілініп, тиісті тараптармен іскерлік байланыс орнатылды. Содан соң Кеден одағы төңірегіндегі шараларды жүзеге асыру ісі ілгері баса бастады. Негізінде бұл үлкен тақырып. Кедендік одақ бәрін айтпағанда, кәсіпкерлік салаға оң өзгерістерді мол әкелді. Енді осыған тоқталайық.

Қазақстан Президенті экономиканың шешуші тұтқалары – отандық кәсіпкерлердің, отандық тауар өндірушілердің әлемдік бәсекеде жоғары тұғырдан көрінуіне және олардың шынайы бәсекелестікте шыңығып, шыңдала түсіне ұдайы көңіл бөліп келеді. Мұны ол биылғы Жолдауында тағы дәлелдеді. Шағын және орта бизнесті дамытуды жаңа сатыға көтеруді басты міндет етіп қойды.

Кеден одағына кіру міндеті де Қазақстандық кәсіпкерлерді іс жүзінде құрыштай қайнаған іскерлікке баулиды. Өйткені, қазіргідей әлемдік бәсекенің жағдайында жеткілікті шыңдаудан өтпеген кәсіпкерге немесе тауар өндірушіге ол жакқа олжа салудың өзі мүмкін емес. Ал, нағыз шыңдалғандар үшін, бұл саланы терең меңгергендер үшін қай жерде де есік ашық. Әлемдік экономикаға кірудің осындай кілтпандарын ескермесе тағы болмайды.

Расын айту керек, кеден одағына кірудің пайдалы екендігін өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Оның келешегі де зор. Басқасы басқа, кәсіпкерлерге оның тигізіп отырған үлкен пайдасының бірі – кеденнен өту, қажетті құжаттарды рәсімдеу кезіндегі түрлі кедергі, қиындықтар қазір жоқтың қасы. Бір сөзбен айтқанда, оларды бұдан құтқарды. Қазір біздің еліміздің кәсіпкерлері өз тауарларын көрші елдер арқылы емін-еркін шығара алатын дәрежеге жетті.

Кеден одағына мүше болғалы біздің өнімдеріміз темір жол, басқа да көлік қатынастары арқылы әлемнің түкпір-түкпіріне толассыз жөнелтілуде. Мұның өзі Кеден одағының бізге, яғни, отандық тауар өндірушілерімізге кәсіпкерлікті барынша дамытуға, олардың әлем базарына еркін шығуына қолайлы жағдай туғызып отырғандығын көрсетеді. Бұдан шығатын қорытынды: Кеден одағы деген сөзден шошып, қорқудың ешқандай қажеті жоқ. Қазір ондай күдік сейілді, үміт оты өршіді. Өйткені, Кеден одағының пайдасы көп, келешегі зор. Оның көкжиегі күннен-күнге кеңейіп келеді.

"Қаржы дағдарысының салдарын, еліміз алғашқылардың бірі болып 2007-жылы сезді. Алайда, дер кезінде қолға алынған шаралар, құрылған ұлттық қорда жинақталған қаражат пен оларды тиімді нақты жобаларға жұмсаудың арқасында, республикамыз қиын-қыстаудан аман-есен шықты. "Жол картасы" қабылданып, жүз мыңдаған азамат жұмыспен қамтылды, елде ондаған жылдар бойына жөндеу көрмеген тас жолдар күрделі жөндеуден өтіп, зауыттар мен фабрикалар қызметін жандандырды. Ең бастысы - қарапайым халық жұмыссыз қалмады", - деді Нұрсұлтан Назарбаев.

"Мына нарық экономикасында адамның баласы өзіне өзі қызмет істеуі керек. Қарап отырған адам еш нәрсеге жетпейді. Қимылдаған адамға мемлекет барлық жағдайын жасап отыр. Осыны түсіндіру керек. Қазір бизнеске деген барлық жағдайды жасап отырмыз біз. Олар ақшасыз, кредитсіз қалды. Несие беретін банкте түк қалған жоқ. Кім қолдады? Мемлекет қолдады".

Қорыта келгенде, әлемде түрлі бағытта дамытылып жатқан экономикалық жобалар көп. Ал көршілес елдермен экономикалық байланыстарды нығайтудың мәні тіпті ерекше. Олай болса, Кеден Одағы аясында жүзеге асырылып жатқан іс-шаралар мемлекеттердің нарық саласындағы бәскелестікке қабілеттілігін арттыратыны сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. Таможенный кодекс Таможенного Союза (приложение к Договору о Таможенном кодексе Таможенного союза, принятому Решением Межгосударственного Совета ЕврАзЭС на уровне глав государств от 27.11.2009 N 17) http://www.consultant.ru/popular/custom_eaes/ КонсультантПлюс, 1992-2014
2. www.altyn-orda.kz

8.4 Теория и практика современного менеджмента

УДК 332.14

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ СТРАТЕГИЧЕСКОГО УПРАВЛЕНИЯ

Атимова Мадина Ермековна

atimovamadina@gmail.com

студентка 4 курса специальности «Менеджмент»

ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – К.А.Кирдасинова

Стратегическое управление организацией базируется на большом количестве элементов, этапов и методов организации. При рассмотрении ее сущности необходимо в первую очередь рассмотреть сущность понятия «стратегия», а также «управленческая